

Төтенше жағдайда жалақы төлеу бойынша жұмыс берушілерге арналған түсініктеме

Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР Конституциясының 44-бабының 16)-тармақшасы және «Төтенше жағдай туралы» Заңының 4-,5-,6-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылғы 16 наурыздағы 08 сағат 00 минут пен 2020 жылғы 15 сәуірдегі 07 сағат 00 минут кезеңінде төтенше жағдай енгізілу туралы Жарлыққа қол қойды.

Төтенше жағдайда жалақы төлеу жіктелі түрде болады. Осындай мақсатта ұйым басшылары төмендегілерді орындауы қажет:

1. Ұйымда жұмыс жасауды жалғастырып отырған және оның өміртіршілігі мен қызметін қамтамасыз етіп отырған қызметкерлер (әкімшілік, техникалық персонал) санатын анықтау. Осы санаттағыларға жалақы қалыпты режимде төленеді.

2. Қажетті құрал-жабдықтардың (интернет, компьютерлік техника т.с.с.) болуына байланысты қашықтықтан жұмыс жасау технологиялары негізінде қызметтік міндеттемелерін жүзеге асырып отырған қызметкерлер (педагогтар, әдіскерлер, мемлекеттік сатып алулар бойынша менеджерлер, есепші т.б.) санатын анықтау. Аталмыш санаттағы қызметкерлерге жалақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 138-бабына сәйкес орындалған жұмыстар актісі/кестесіне сай толық мөлшерде төленеді.

138-бап. Қашықтықтан жұмыс істеу

1. Қашықтықтан жұмыс істеу жұмыс процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, еңбек процесін жұмыс беруші орналасқан жерден тысқары жерде жүзеге асырудың ерекше нысаны болып табылады.

3. Қашықтықтан жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін жұмыс уақытының тіркелген есебі белгіленеді, оны бақылау ерекшеліктері еңбек шартында айқындалады.

3. Кезекті еңбек демалысы берілуі мүмкін қызметкерлер санатын анықтау. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 92-бабына сәйкес «жұмыс істеген бірінші және келесі жылдары үшін жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында беріледі». Мәселе бухгалтерия және кадрлар бөлімімен келісілуі қажет.

4. Ұйымның өміртіршілігін қамтамасыз етіп отырған қызметкерлерлер санына кірмейтін, қашықтықтан жұмыс жасай алмайтын (тәрбиешілер, тәрбиешілердің көмекшілері т.б.) немесе ұйымда жұмыс жасау мерзімі еңбек демалысын беруге жеткілісіз қызметкерлер санатын белгілеу. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 112-бабына сәйкес бұндай жағдай бос тұрып қалу уақыты деп түсіндіріледі. Осы санаттағы қызметкерлерге жалақы Республикасының Еңбек кодексінің 112-бабына сәйкес төленеді.

112-бап. Бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу

1. Жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша бос тұрып қалу уақытын ресімдеу тәртібі және бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу талаптары еңбек, ұжымдық шарттарда айқындалады және жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмайтын мөлшерде, ал жұмыс берушінің кінәсінен болғанда – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде елу пайызы мөлшерінде белгіленеді.

2. Жұмыскердің кінәсінен жол берілген бос тұрып қалу уақытына ақы төленбеуге тиіс.